



КОНКУРС «Астана и Президент»

**Әбдікаримова Гүлмарал,
А. Жолдасбеков атындағы № 9 лицейдің 11 сынып
оқушысы**

Тағдыр біздің ұрпаққа ғасырлар тоғысында, түрлі қоғамдық өзгерістерді бастан кешуді, кеңестік жүйеде өмір сүріп, одан кейін жеке, дербес мемлекетіміздің іргетасын қалауды, оның алғаш өмірге келген сәтінен бүгінге дейінгі өткен жолын біте қайнасып бірге жүріп өтуді бұйырыпты. Біз соңғы жиырма жылда еліміз үшін ғасырға бергісіз тарихи оқиғаларды бастан өткердік деп айтып жүрміз. Иә, ол рас. Мұның бәрі тарих, мұның бәрі келер ұрпаққа мұра.

Тарихта белгілі бір тұлғалардың есімімен тығыз байланысты, бір елдің, бір мемлекеттің, тіпті адамзаттың дамуының тағдырын шешкен оқиғалар аз емес. Еліміздің ЕҚЫҰ-ға мүше болуы және мүше болып қана қоймай төрағалық етуінің өзі – үлкен тарихи оқиға. Оған қоса Біріккен Ұлттар Ұйымына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, ЕурАзия экономикалық ынтымақтастық ұйымына, Түркісой сияқты ұйымдарға мүше болдық. Егер Нұрсұлтан Назарбаев бірінші болып әлем бойынша ең алдыңғы қатарлы қуаты бар ядролық қарудан бас тартты.

Елбасының батыл ойы, тегеурінді қадамы арқылы Қазақстан көптеген халықаралық шаралардың бастамашысы, бірнеше беделді ұйымның іргетасын қалаушысы бола білуде. «Ел бірлігі – ынтымақта» демекші, бірлікте болып, шаңырағымызды шайқалтпау, біздің ұлы мақсатымыз екенінде күмән жоқ деп ойлаймын. Көпті көріп, көңіліне түйген, мадақ сөзге өте сараң, сарабдал, сақа саясаткер Бәйкен Әшімов ақсақал: «Тыныштықты алтынға да сатып ала алмайсың», – деген еді бір отырыста. Сол ақылгөй ақсақалымыздың осы сөзі артындағы ұрпағының әр кез есінде жүруге тиісті. Күні кешегі көрші Қырғыз еліндегі қантөгіс жағдай тәртіп пен тыныштықтан артық бақыт жоқ екенін көрсетіп берді емес пе? «Ерегескен ел болмас, етекпен кесіп жең болмас» дегендей, тұтастығымыз бен ынтымағымызды сақтап, әр азамат өзін үлкен шаңырақтың бір-бір уығы деп есептеп, Қазақстан атты үйіміздің түтінін түзу, іргесі берік болуына атсалысып, бір тілекте, бір ниетте болуын, аруақты еліміздің абыройы артып, өркендей беруін тілеуден басқа қандай арман болуы мүмкін?! Әлем жұртшылығы қашан да ұлтты, халықты озық тұлғалары арқылы танып келген. Ал қазақ елін, қазақ жерін, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін әлемге танытқан Тұңғыш Президентіміз – Нұрсұлтан Назарбаев. Қоғам тарихи тұлғаның рөлін ешқашан жоққа шығармайды. Демократияшыл Еуропаның өзінде королдар ел

басшысы ретінде ерекше құрметке ие екендігін бәрімізге де мәлім. Тегі бір туысқан түрік халқының өзінде алғаш жаңа Түрік мемлекетінің негізін қалаған Мұстафа Кемал Ататүрік есімін мәңгілік ұлттық мақтанышқа айналдырған. Осы орайда, алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлының «Ұлым деген жұрт болмаса, жұртым деген ұл қайдан туады?» деген даналық сөзі ойға оралады. Ұлттың көсемін құрметтегеніміз – халықты құрметтегеніміз. Ежелгі дәстүрге сүйенсек, қазақ ел басқарған ханын, дуалы ауыз билерін, қол бастаған батырларын ғасырдан-ғасырға дәріптеген халық.

Батыстағы экономикасы дамыған деп жүрген мемлекеттер кешегі дағдарыста қиналып, жұрты жаппай жұмыссыз қалып жатқанда да Қазақстан қиындықты жеңе білді. Жаңа кәсіпорындар салынып, жаңа жұмыс орындар ашылды. Қарттардың зейнетақысы өсіп, ана мен бала денсаулығы ерекше қамқорлыққа алынған. Сәуір айынан бастап жалақы көбейіп отыр. Жылдан-жылға тұрмысымыз түзеліп, елдің еңсесі көтеріліп келеді.

Қазақ деген ұлттың барын, оның жаужүрек, батыр да батыл, қонақжай, бейбітшілікті қалайтын ел екенін бүкіл әлемге танытты.

Көптеген мемлекеттер ұзақ жолдарын сарп еткен ұзын – сонар жолды Қазақстан қысқа мерзімде еңсеріп, ХХІ ғасырға экономикасы өркендеген демократияшыл ел болып қадам басты. Президент Нұрсұлтан Назарбаев мұраты, міне, осы. Президенттің бойынан қажыр – қайрат пен құштарлық сезімі еседі, Отанның болашағы үшін өз жауапкершілігін терең сезінген жан екенін білеміз.

Көреген Елбасының салиқалы саясатының арқасында ел астанасы жаңа құтты орнын тапты. Есіл жағасынан жай тауып, бой көтерген Астана алғашында талай жұртқа күдік пен күмән туғызса да бүгінгі талай алпауыт мемлекеттер мен елдерді мойындатқанына көзіміз жетіп отыр.

Астана – Қазақстан Республикасының әкімшілік орталығы және 517 300 адам тұрғыны (2004 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша) әрі Елорда тұрғындары мен қонақтарына жайлы тұрмысты қамтамасыз ететін қауырт даму үстіндегі қалалық инфрақұрылымы бар үлкен шаһар.

Тамаша тұрғын үй кешендері, еңселі әкімшілік ғимараттары, гүлзарлары мен фонтандары, әсем монументтері мен сәулет ескерткіштері бар бүгінгі Астана көз алдымызда күн сайын өзінің керемет сымбатымен құлпырып барады. Сәулеттік пішінінің әсемдігі мен сән-салтанаты жағынан көп ұзамай әлемнің көптеген астанасынан кем түспейтін болады. Нысандарының нақышы мен қала тұрмысының орныққан мәнері жағынан Астана таяу уақытта толыққанды елорда әрі дамыған инфрақұрылымы бар қала ретінде лайықты орын алады деп үміттенемін.

Астана – бейне қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырақты өсімдік тәрізді байтақ Сарыарқа төсіндегі жеке-дара, жап-жасыл, жазира.

Есілдің Астана тұсындағы шегенделген жағалауының әдемі пішіні жаңа елорда бейне бір өзен арнасының кең айдынында жүзіп келе жатқандай әсерге бөлейді. Есілдің оң жағалауынан қарсы бетке қарасаңыз, Қазақстанның болашақ астанасының зәулім ғимараттар бой көтерген өскелең

[Введите текст]

құрылысын көресіз. Мәдениет пен руханият мекемелері қайталанбас ою-өрнектермен айшықталған. Көз алдымызға суретшінің күн сайын тынымсыз салған, кешке қарай әлдебір штрихтар қосып, әрлей түскен картинасы келеді. Қараған жан болашақ Астананың сәулет ажарында ұдайы жаңа өрнек пайда болып, әрдайым жаңарып отыратынын байқайды.

Ақорда тұрған көкорай төбешіктің қос бүйіріндегі жебе тәрізді зәулім әкімшілік ғимараттарды жолаушының жолына жарық түсіріп, Сарыарқаның әкімшілік жүрегіне төте жолды көрсетіп тұрған шамшырақ деуге келеді. Айнала жаппай тамырын тереңге жіберіп, өркенін молынан жайған әдемі де еңселі құрылыстар: кеңселер, коттеждер, тұрғын үй кешендері жамырай бой көтеруде. Олар бейне кезбе қаңбақ тәрізді, ақыры талай замандық қуаңшылықтан кейін өздерінің өмірге құштарлығын барлық күш-қуатымен паш етуге мүмкіндік берген бұраң бел Есілдің құтты қойнауынан жайлы орын тапқандай.

Бүгінде Астананың өзіне ғана тән қайталанбас келбеті бар, ол бай мәдениетіміздің барлық халықтар мен ұлттардың достық ниетті дарқан мінездерінің үйлесуінен түзілген ғажайып рухани аура қалыптастырған.